

Республикамызда 2023-2025 жаңа оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жобасы жүзеге асуына байланысты Астана қаласы әкімдігінің Талғат Бигелдинов атындағы №1 мектеп-лицейінде, 1 қыркүйектен бастап, әр сенбі күні «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы кабинеті» өз жұмысын бастады. Оның басты басымдықтары – балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасы мен мектептің өзара іс-қимылы бойынша жұмысты күшейту және ата-аналардың позитивті мәдениетін дамыту. «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері енгізілуде.

Орталықтың міндеттері:

- ата-аналарға ұлттық құндылықтар негізінде жүйелі психологиялық-педагогикалық білім беруді ұйымдастыру;
- Қазақстанның бақытты және табысты азаматтарын тәрбиелеу бойынша ата-аналардың құзыреттерін дамыту;
- позитивті ата-ана болу мәдениетін дамытуда әлеуметтік әріптестердің күш-жігерін біріктіру.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы сенбі күні сағат 9:00-ден 18:00-ге дейінгі аралықта қызмет көрсететін болады.



